|--------------------------|-------------|------------|-------------|------------|-------------|------------|-------------|------------|
|                          | Қм<br>мг/м³ | Қм/ШЖ<br>Ш | Қм<br>мг/м³ | Қм/ШЖ<br>Ш | Қм<br>мг/м³ | Қм/ШЖ<br>Ш | Қм<br>мг/м³ | Қм/ШЖ<br>Ш |
| Қалқыма бөлшектері (шаң) | 0,35        | 0,70       | 0,38        | 0,75       | 0,04        | 0,09       | 0,04        | 0,09       |
| Күкірт диоксиді          | 0,077       | 0,154      | 0,036       | 0,072      | 0,032       | 0,064      | 0,031       | 0,062      |
| Көміртегі оксиді         | 1,8         | 0,4        | 2,5         | 0,5        | 1,6         | 0,3        | 1,6         | 0,3        |
| Азот диоксиді            | 0,07        | 0,34       | 0,08        | 0,42       | 0,08        | 0,38       | 0,08        | 0,39       |
| Фторлы сутегі            | 0,000       | 0,00       | 0,000       | 0,00       | 0,000       | 0,00       | 0,000       | 0,00       |

1.3 - кесте

| Анықталатын қоспалар     | №5 нүкте    |            | №6 нүкте    |            | №7 нүкте    |            | №8 нүкте    |            |
|--------------------------|-------------|------------|-------------|------------|-------------|------------|-------------|------------|
|                          | Қм<br>мг/м³ | Қм/ШЖ<br>Ш | Қм<br>мг/м³ | Қм/ШЖ<br>Ш | Қм<br>мг/м³ | Қм/ШЖ<br>Ш | Қм<br>мг/м³ | Қм/ШЖ<br>Ш |
| Қалқыма бөлшектері (шаң) | 0,04        | 0,09       | 0,04        | 0,07       | 0,04        | 0,08       | 0,04        | 0,08       |
| Күкірт диоксиді          | 0,037       | 0,074      | 0,026       | 0,052      | 0,025       | 0,050      | 0,026       | 0,052      |
| Көміртегі оксиді         | 1,8         | 0,4        | 1,8         | 0,4        | 1,8         | 0,4        | 1,8         | 0,4        |
| Азот диоксиді            | 0,07        | 0,36       | 0,07        | 0,36       | 0,07        | 0,37       | 0,07        | 0,37       |
| Фторлы сутегі            | 0,000       | 0,00       | 0,000       | 0,00       | 0,000       | 0,00       | 0,00        | 0,00       |

## 1.3 Көкшетау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Көкшетау қаласында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (1.2-сур., 1.4-кесте).

1.4- кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

| Бекет нөмері | Іріктеу уақыты    | Бақылау жүргізу                            | Бекеттердің мекен-жайы          | Анықталатын қоспалар                                                                                          |
|--------------|-------------------|--------------------------------------------|---------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1            | Тәулігіне 3 рет   | Қолмен күшімен сынама алу (дискретті әдіс) | Ескіәуежай, метеостанция аймағы | қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді                          |
| 2            | Әр 20 минут сайын | Үздіксіз режимде                           | Вернадский көш., 46Б            | PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көмірте оксиді, азот оксиді және диоксиді |



1.2 сур. Көкшетау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.2 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Көкшетау қ. **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 1.4 Степногор қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Степногор қаласында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (1.3-сур., 1.5-кесте).

1.5- кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

| Бекет нөмері | Іріктеу уақыты    | Бақылау жүргізу  | Бекеттердің мекен-жайы | Анықталатын қоспалар                                                                 |
|--------------|-------------------|------------------|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| 1            | әр 20 минут сайын | Үздіксіз режимде | №1 шағын ауданы        | Аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербеті) |



1.3 сур. Степногор қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.3 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Степногор қ. *төмен* болып бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 1.5 Атбасар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атбасар қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 1 стационарлық бекет жұмыс істейді (1.4 сурет, 1.6 кесте).

1.6 кесте

### Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

| Бекет нөмері | Іріктеу уақыты    | Бақылау жүргізу  | Бекеттердің мекен-жайы    | Анықталатын қоспалар                                                                                                                                           |
|--------------|-------------------|------------------|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1            | әр 20 минут сайын | Үздіксіз режимде | №1 шағын ауданы 3 құрылыс | қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон, күкірт сутегі, аммиак, көміртек диоксиді |



1.4 сурет. Атбасар қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

**Ауа ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.4 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Атбасар қ. **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 1,4 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Ластанушы заттардың максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 1.6 Ақмола облысының эпизодтық мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ақмола облысында атмосфералық ауаның ластануына бақылау Калачи ауылда 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – мектеп аумағында, 2 нүкте – ескі гидропост ауданы), Зеренді ауылында 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – Зеренді МС, 2 нүкте – Синильга қонақ үйі ауданы), Макинск қаласының 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – музыкалық мектебінің ауданы, 2 нүкте – Фурманов, Лихачев көшелерінің қиылысы).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, көмірсутектің және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (1.7, 1.8, 1.9-кестелер).

1.7-кесте

### Ақмола облысының Калачи кентінің эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

| Анықталатын қоспалар    | 1-точка                          |                     | 2-точка                          |                     |
|-------------------------|----------------------------------|---------------------|----------------------------------|---------------------|
|                         | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ШЖШ | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ШЖШ |
| Аммиак                  | 0,07                             | 0,3390              | 0,12                             | 0,6170              |
| Қалқыма бөлшектер (шаң) | 0,05                             | 0,1088              | 0,05                             | 0,0984              |
| Азот диоксиді           | 0,005                            | 0,0246              | 0,01                             | 0,0610              |
| Күкірт диоксиді         | 0,048                            | 0,0952              | 0,038                            | 0,0768              |
| Азот оксиді             | 0,008                            | 0,0208              | 0,031                            | 0,0763              |
| Көміртегі оксиді        | 0,998                            | 0,1997              | 1,010                            | 0,2020              |
| Көмірсутектер           | 19,4                             |                     | 20,3                             |                     |
| Формальдегид            | 0,015                            | 0,2896              | 0,009                            | 0,1692              |

1.8-кесте

### Ақмола облысының Зеренді кентінің эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры..

| Анықталатын қоспалар     | 1 точка                          |                     | 2 точка                          |                     |
|--------------------------|----------------------------------|---------------------|----------------------------------|---------------------|
|                          | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ПДК | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ПДК |
| Аммиак                   | 0,02                             | 0,11                | 0,05                             | 0,23                |
| Қалқыма бөлшектері (шаң) | 0,07                             | 0,1                 | 0,01                             | 0,2                 |
| Азот диоксиді            | 0,009                            | 0,04                | 0,009                            | 0,04                |
| Күкіртдиоксиді           | 0,09                             | 0,2                 | 0,06                             | 0,11                |
| Азот оксиді              | 0,01                             | 0,02                | 0,01                             | 0,02                |
| Көміртегіоксиді          | 2,6                              | 0,5                 | 2,6                              | 0,5                 |
| Көмірсутектер            | 39,5                             |                     | 47,8                             |                     |
| Формальдегид             | 0,01                             | 0,2                 | 0,009                            | 0,2                 |

1.9-кесте

### Ақмола облысы Макинск қаласының эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

| Анықталатын қоспалар    | 1-точка            |        | 2-точка            |        |
|-------------------------|--------------------|--------|--------------------|--------|
|                         | q <sub>мг/м³</sub> | qm/ШЖШ | q <sub>мг/м³</sub> | qm/ШЖШ |
| Аммиак                  | 0,07               | 0,36   | 0,04               | 0,18   |
| Қалқыма бөлшектер (шаң) | 0,25               | 0,17   | 0,06               | 0,13   |
| Азот диоксиді           | 0,01               | 0,07   | 0,01               | 0,07   |
| Күкірт диоксиді         | 0,03               | 0,05   | 0,02               | 0,04   |
| Азот оксиді             | 0,04               | 0,1    | 0,04               | 0,09   |
| Көміртегі оксиді        | 1,4                | 0,3    | 1,5                | 0,3    |
| Көмірсутектер           | 21,3               |        | 21,4               |        |
| Формальдегид            | 0,04               | 0,8    | 0,004              | 0,09   |

### 1.7Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) ауданындағы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

ЩБКА аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 8 стационарлық бекетте жүргізілді (1.5 сур.,1.10-кесте).

1.10- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

| Бекет нөмері | Іріктеу уақыты   | Бақылау жүргізу | Бекеттердің мекен-жайы                                           | Анықталатын қоспалар                                                                                                                                                     |
|--------------|------------------|-----------------|------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1            | әр 20 минутсайын | Автоматты түрде | Кешенді фондық мониторинг станциясы (КФМС) «Боровое»             | PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (приземный),күкіртсутегі, аммиак, көміртегі диоксиді |
| 2            |                  |                 | Бурабай ауылы, Кенесары, 25 көшесі, (С.Сейфуллин мектебі аумағы) | PM-2,5қалқыма бөлшектер, PM-10қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкірт сутегі,аммиак, көміртек диоксиді    |
| 3            |                  |                 | Щучинский санаторий кенті, санаторий«Щучинск» ЖШС аумағында      |                                                                                                                                                                          |
| 5            |                  |                 | Шоссейная көшесі, №171                                           | PM-2,5қалқыма бөлшектер, PM-10қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкірті сутек,аммиак                       |



1.5 сур. ЩБКА ауданында атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Бурабай КФМС атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.5 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Бурабай КФМС **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа шоғыры 1,0 ШЖШ<sub>от.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

**Щучинск-Бурабай курорттық аймақ (ЩБКА) атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің мәліметтері бойынша (1.5 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Щучинск-Бурабай курорттық аймақ (ЩБКА) **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа шоғыры 1,0 ШЖШ<sub>от.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 1.8 Ақмола облысының аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 22 су объектісінде: Есіл, Нұра, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Қылшықты, Шағалалы, Беттібұлақ,

Жабай, Ақсу, Сілеті өзендері және Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Жүкей көлдері, Вячеславское су қоймасы, Нұра-Есіл арнасы.

#### **Есіл өзені:**

– Тургеневка ауылы, 1,5 км солт.-тен қарай оңтүстікке, Тургеневка ауылынан, 1,5 км төмен су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,505 мг/дм<sup>3</sup>. Жалпы фосфордың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Нұр-Сұлтан қ, тазартылған нөсер суы шығарылғаннан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,693 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 40,9 мг/дм<sup>3</sup>.

– Нұр-Сұлтан қ, тазартылған нөсер суы шығарылғаннан 0,5 км төмен су сапасы 4 класқа жатады: магний – 43,4 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 0,609 мг/дм<sup>3</sup>.

– Нұр-Сұлтан қ., Көктал кенті «Астана су арнасы» тазартылған ағынды сулар төгіндісінен 0,5 км жоғары» су сапасы 5 класқа жатады: фосфаттар – 1,494 мг/дм<sup>3</sup>.

– Талапкер кенті, «Астана су арнасы» тазартылған ағынды сулар ағызудан 0,5 км төмен» су сапасы 5 класқа жатады: фосфаттар – 1,494 мг/дм<sup>3</sup>.

– тұстама: Есіл қ. (Каменный карьер а.), Щербазуыттың солтүстік-батыс шеті су сапасы 5 класқа жатады: қалқымалы заттар – 18,1 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Есіл өзенінің** ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 7,7-8,0 суда еріген оттегінің концентрациясы – 4,55-5,71 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,49-1,15 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 20-30 градус, иіс – 0 баллм құрады.

Өзен ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 43,6 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 0,791 мг/дм<sup>3</sup>.

**Вячеславское су қоймасында** – судың температурасы 0 °C, сутегі көрсеткіші 8,1, суда еріген оттегінің концентрациясы – 5,12 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,87 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 25 градус, иіс – 0 балл.

– Арнасай а., Арнасай ауылынан 2 км. СШ, су бекеті тұстамасында: су сапасы 3 класқа жатады: жалпы фосфор - 0,358 мг/дм<sup>3</sup>, магний-21,9 мг/дм<sup>3</sup>. Жалпы фосфор мен магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Нұра өзені:**

– Романовка а., ауылдан 5 км төмен, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,762 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 43,8 мг/дм<sup>3</sup>. Жалпы фосфор мен магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Шлюздер, су бекеті тұстамасында су сапасу 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,753 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 41,4 мг/дм<sup>3</sup>. Жалпы фосфор мен магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Қорғалжын а., ауыл көпірі жанында су сапасы 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,583 мг/дм<sup>3</sup>, магний 45 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, жалпы фосфордың концентрациясы фондық кластан асады.

**Нұра өзенінің** ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 7,8-7,9, суда еріген оттегінің концентрациясы – 5,12-5,22 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,49-0,96 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 25 градус, иіс – 0 балл.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 43,4 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 0,715 мг/дм<sup>3</sup>.

### **Нұра-Есіл арнасы:**

–Ақмола обл., арна басы, су бекеті тұстамасында: су сапа 4 класқа жатады: магний – 42,3 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 0,578 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, жалпы фосфордың концентрациясы фондық кластан асады.

– Пригородное а., автокөлік көпірі жанында: су сапасы 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,711 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 45,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, жалпы фосфордың концентрациясы фондық кластан асады.

**Нұра-Есіл арнасының** ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутек көрсеткіші 7,6, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 4,53-4,54 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>– 0,77 мг/дм<sup>3</sup>, түсі –25 градус, иіс – 0 балл.

**Нұра-Есіл арнасының** ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 43,9 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 0,644 мг/дм<sup>3</sup>.

### **Ақбұлақ өзені:**

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсерлі су шығысынан 0,5 км жоғары, Ақжол к. ауданы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 441,3 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2644,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1328 мг/дм<sup>3</sup>.

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсер суынан 0,5 км төмен, Ақжол к. ауданы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 1321 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 156,3 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация - 2537 мг/дм<sup>3</sup>, кальций – 493,7 мг/дм<sup>3</sup>.

– Нұр-Сұлтан қ., сорғы-сүзгіш станциясының жуу суынан 0,5 км жоғары (Ш. Құдайбердиев көшесі ауданы): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 346 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 113,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 733,7 мг/дм<sup>3</sup>.

– Нұр-Сұлтан қ., сорғы-сүзгіш станциясының жуу суынан 0,5 км төмен (Ш. Құдайбердиев көшесі ауданы): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 407,4 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 128,6 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2717,7 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1353 мг/дм<sup>3</sup>.

– Нұр-Сұлтан қ., Есіл өзеніне құяр алдында Мечта дүкені ауданы (Амман к-сі, 14): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 714,7 мг/дм<sup>3</sup>.

**Ақбұлақ өзенінің** ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутек көрсеткіші 7,4-7,9, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 3,47-5,47 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен – 0,38-0,59 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 25 градус, иіс– 0 балл.

**Ақбұлақ өзенінің** ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 1090,1 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 115,2 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация- 2156,1 мг/дм<sup>3</sup>, кальций – 370,1 мг/дм<sup>3</sup>.

### **Сарыбұлақ өзені:**

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсер суларын шығарудан 0,5 км жоғары, Ә. Молдағұлова көшесі ауданы: су сапасы нормаланбайды(>5 класс): хлоридтер – 632,3 мг/дм<sup>3</sup>.

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсер суларын шығарудан 0,5 км төмен, Ә. Молдағұлова көшесі ауданы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 581,3 мг/дм<sup>3</sup>. Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Нұр-Сұлтан қ., Есіл өзеніне құяр алдында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 607,3 мг/дм<sup>3</sup>. Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сарыбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутек көрсеткіші 7,6-7,7, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 3,53-4,24 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен – 0,86-1,01 мг/дм<sup>3</sup>, түсі– 25 градус, иіс– 0 балл.

**Сарыбұлақ өзенінің** ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 607 мг/дм<sup>3</sup>.

**Сұлтанкелді көлі** судың температурасы 6,5°C, сутегі көрсеткіші 7,4, суда еріген оттегінің концентрациясы – 4,39 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>– 0,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ– 31,9 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 7,6 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 21,0 мг/дм<sup>3</sup>, түсі– 25 градус, иіс– 0 балл.

#### **Жабай өзені:**

- Атбасар қ. тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 26,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Балкашино а. тұстамасында: су сапасы 5 класқа жатады: қалқымалы заттар – 25,6 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Жабай өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 8,4-10,2°C, сутегі көрсеткіші – 8,04-8,21, суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 10,90-11,15 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,33-2,85 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

**Жабай өзенінің** ұзындығы бойынша су сапасы 5 класқа жатады: қалқымалы затаар – 25,8 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Сілеті өзені:**

- Степногорск қ. тұстамасында: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 25,8 мг/дм<sup>3</sup>.

Сілеті өзенінде су температурасы 13,6°C, сутегі көрсеткіші – 8,65 суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 13,57 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>– 1,42 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

#### **Ақсу өзені:**

- Степногорск қ. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3142 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 82,0 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 962 мг/дм<sup>3</sup>, магний - 103 мг/дм<sup>3</sup>.

- 1 км төгіндіден жоғары тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация - 2950 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 74,0 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 918 мг/дм<sup>3</sup>.

- 1 км төгіндіден төмен тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 70,0 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 355 мг/дм<sup>3</sup>.

Ақсу өзенінде су температурасы 6,8-10,0°C, сутегі көрсеткіші – 7,67-8,47, суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 7,08-13,74 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,84-2,07 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 30 градус, иісі – 0 балл.

**Ақсу өзенінің** ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация - 2495 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 75,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 745 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Беттібұлақ өзені:**

- тұстама: Золотой Бор кордоны. су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 8,8 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Беттібұлақ** өзенінде су температурасы 0-3,2°C, сутегі көрсеткіші – 7,55-7,64, судағы ерітілген оттегінің шоғырлануы – 10,41-10,82 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,48-2,66 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

**Қылшықты өзені:**

- тұстама: Көкшетау қ., Кірпіш зауыты ауданы. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 116,5 мг/дм<sup>3</sup>, аммоний-ион – 3,286 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: Көкшетау қ., “Аққу” балабақшасы ауданы. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 67,7 мг/дм<sup>3</sup>.

Қылшықты өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0-7,6°C, сутегі көрсеткіші – 7,75-8,44, суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 6,66-12,84 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,72-2,66 мг/дм<sup>3</sup>.

Қылшықты өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 92,1 мг/дм<sup>3</sup>, аммоний-ион – 2,621 мг/дм<sup>3</sup>.

**Шағалалы өзені:**

- тұстама: Көкшетау қ., Заречный а. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 36,6 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: Көкшетау қ., Красный Яр а. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 35,5 мг/дм<sup>3</sup>.

Шағалалы өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0-7,7°C, сутегі көрсеткіші – 7,74-8,29, суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 8,74-13,51 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,5-4,57 мг/дм<sup>3</sup>.

Шағалалы өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 36,1 мг/дм<sup>3</sup>.

**Зеренді көлі:**

Зеренді көлі су температурасы 0-2,0°C, сутегі көрсеткіші – 8,62-8,78, суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 10,83-12,68 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,67-1,49 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 52-70,1 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 12,2-16 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 1100-1120 мг/дм<sup>3</sup> түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

**Қопа көлі:**

Қопа көлі су температурасы 0-6,0°C, сутегі көрсеткіші – 8,11-8,38, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 11,39-12,24 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,21-2,25 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 37-43,2 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 11-20,6 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 974-1079 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

**Бурабай көлі:**

Бурабай көлі су температурасы 0-12,8°C, сутегі көрсеткіші – 7,85-7,92, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 10,07-11,92 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,16-2,16 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 29-44,2 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 2,8-15 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 222-248 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 20 градус; иісі – 0 балл.

**Үлкен Шабакты көлі:**

Үлкен Шабакты көлі су температурасы 0-12,4°C, сутегі көрсеткіші – 8,40-8,66, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 10,09-13,23 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,62-1,00 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 46,1-55 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 5,2-11,8 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 1024-1092 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

**Щучье көлі:**

Щучье көлі су температурасы 0-12,8°C, сутегі көрсеткіші – 8,02-8,45, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 9,74-10,91 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,56-2,36 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 19-24 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 4-10,8 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 394-441 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 5 градус, иісі – 0 балл.

#### **Кіші Шабакты көлі:**

Кіші Шабакты көлі су температурасы 0-12,2°C, сутегі көрсеткіші – 8,55-8,70, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 9,91-12,07 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,60-0,75 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 78-90 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 13,4-21 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 4864-5154 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

#### **Сұлукөл көлі:**

Сұлукөл көлі су температурасы 0-9,8°C, сутегі көрсеткіші – 7,06-8,07, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 8,75-10,75 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,57-3,79 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 62,4-81 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 3,6-16,4 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 124-193 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 75-80 градус, иісі – 0 балл.

#### **Карасье көлі:**

Карасье көлі су температурасы 0-9,2°C, сутегі көрсеткіші 7,55-8,10, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 9,58-11,17 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,32-1,00 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 38,4-45 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 2,8-8,6 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 195-238 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

#### **Жүкей көлі:**

Жүкей көлі су температурасы 0-8,0°C, сутегі көрсеткіші – 8,58-8,87, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 8,92-10,82 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,81-4,46 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 72-104 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 14,8-31 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 3240-5212 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

2020 жылғы 4 тоқсанда Ақмола облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесі түрде бағаланды: 3 класс – Сілеті өзені, Вячеславское су қоймасы; 4 класс – Есіл, Нұра, Беттібұлақ өзендері, Нұра-Есіл арнасы; 5 класс – Жабай өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Сарыбұлақ, Ақбұлақ, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы өзендері (4-кесте).

2019 жылдың 4 тоқсанмен салыстырғанда Есіл, Нұра, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы өзендерінде, Нұра-Есіл арнасында су сапасы айтарлықтай өзгермеді, Беттібұлақ, Сілеті және Жабай өзендерінде жақсарды, Вячеславское су қоймасында су сапасы нашарлады.

## **1.9 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 15 метеорологиялық стансада (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Боровое» КФМС, Егінлікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізіледі (1.7 -сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,02 – 0,39 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,10 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 1.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.7-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0 – 2,6 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.7 сур. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

### 2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (2.1-сур., 2.1-кесте).

2.1- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

| Бекет<br>номері | Алу мерзімдері  | Бақылау жүргізу        | Бекеттер мекен-<br>жайы | Анықталатын қоспалар                                                           |
|-----------------|-----------------|------------------------|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|
| 1               | тәулігіне 4 рет | қол күшімен<br>алынған | Авиақалашық, 14         | қалқыма бөлшектер (шаң),<br>күкірт диоксиді, көміртек<br>оксиді, азот диоксиді |

|   |                      |                                            |                          |                                                                                                                                                          |
|---|----------------------|--------------------------------------------|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                      | сынама(дискретті әдіс)                     |                          |                                                                                                                                                          |
| 4 | тәулігіне 3 рет      | қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс) | Белинский көшесі, 5      | қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, формальдегид, хром                                             |
| 5 |                      |                                            | Ломоносовкөшесі, 7       | қалқыма бөлшектер (шаң), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, ерігіш сульфаттар, формальдегид, хром                                              |
| 2 | әрбір 20 минут сайын | үздіксіз режимде                           | Рысқұлов көшесі, 4 Г     | қалқыма бөлшектері РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы |
| 3 |                      |                                            | Есет-батыр көшесі, 109А  | қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы   |
| 6 |                      |                                            | Жанқожа-батыр көшесі, 89 | қалқыма бөлшектері РМ-2,5, қалқыма бөлшектері РМ-10, азот оксиді, азот диоксиді, аммиак, озон (жербеті)                                                  |



2.1-сурет. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (сурет 2.1) қаладағы атмосфералық ауаның ластануы *өте жоғары* деңгейде сипатталды, СИ мәні 18,7 тең (өте жоғары деңгей) және ЕЖҚ– 2 күн күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында (Рысқұлов көшесі, 4Г ) мәнімен анықталды.

\* БД 52.04.667-2005 келісілгендей , егер СИ>10 болса, онда ЕҚ орнына СИ мәні 10 жоғары болған күндер мәні есептелінеді.

\*2020 жылдың 16 қарашада №2 автоматты бекет мәліметі бойынша (Рысқұлов көшесі, 4Г ) күкіртті сутегі (11,5-18,7 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 6 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді.

\*2020 жылдың 7 желтоқсанда №2 автоматты бекет мәліметі бойынша (Рысқұлов көшесі, 4Г ) күкіртті сутегі (12,2-15,3 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 3 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкірт сутегінің максималды бір реттік шоғыры 18,7 ШЖШ м.б, қалқыма қалдықтар РМ-2,5 – 1,0 ШЖШ м.б, азот диоксиді – 7,5 ШЖШ м.б, азот оксиді – 3,3 ШЖШ м.б, көміртек оксиді – 1,7 ШЖШ м.б, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

## 2.2 Қандыағаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қандыағаш қаласындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі*).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот тотығы, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртсутек, аммиак және формальдегид шоғырлары анықталды.

Күкірт сутегінің максималды бір реттік шоғыры 2,8 ШЖШ м.б. №1 нүктеде және 2,2 ШЖШ м.б. №2 бекетте. Басқа ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте 2.2).

2.2-кесте

### Қандыағаш қаласындағы бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

| Анықталатын қоспалар    | №1 нүкте                         |                     | №2 нүкте                         |                     |
|-------------------------|----------------------------------|---------------------|----------------------------------|---------------------|
|                         | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ШЖШ | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ШЖШ |
| Қалқыма бөлшектер РМ 10 | 0,0460                           | 0,1533              | 0,0420                           | 0,1400              |
| Күкірт диоксиді         | 0,0000                           | 0,0000              | 0,0000                           | 0,0000              |
| Көміртек оксиді         | 0,1136                           | 0,0227              | 0,1226                           | 0,0245              |
| Азот диоксиді           | 0,0885                           | 0,4425              | 0,0230                           | 0,1150              |
| Азот оксиді             | 0,0093                           | 0,0233              | 0,0150                           | 0,0375              |
| Күкіртсутек             | 0,0226                           | 2,8288              | 0,0176                           | 2,2000              |
| Аммиак                  | 0,0091                           | 0,0091              | 0,0091                           | 0,0456              |

|              |        |        |        |        |
|--------------|--------|--------|--------|--------|
| Формальдегид | 0,0000 | 0,0000 | 0,0000 | 0,0000 |
|--------------|--------|--------|--------|--------|

## 2.3 Кеңқияқ ауылының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Кеңқияқ ауылындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (Нүкте №1 ул. Қазақтың мұнайына 100жыл, нүкте №2 –үй №56).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот тотығы, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртсутек, аммиак және формальдегид шоғырлары анықталды.

Күкірт сутегінің максималды бір реттік шоғыры 1,2 ШЖШ м.б. №1 нүктеде және 1,1 ШЖШ м.б. №2 бекетте. Басқа ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте 2.3).

2.3-кесте

### Кеңқияқ ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

| Анықталатын қоспалар    | №1 нүкте                         |                     | №2 нүкте                         |                     |
|-------------------------|----------------------------------|---------------------|----------------------------------|---------------------|
|                         | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ШЖШ | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ШЖШ |
| Қалқыма бөлшектер РМ 10 | 0,0490                           | 0,1633              | 0,1600                           | 0,5333              |
| Күкірт диоксиді         | 0,0000                           | 0,0000              | 0,0000                           | 0,0000              |
| Көміртек оксиді         | 0,0310                           | 0,0062              | 0,0220                           | 0,0044              |
| Азот диоксиді           | 0,0501                           | 0,2505              | 0,2330                           | 1,1650              |
| Азот оксиді             | 0,0096                           | 0,0240              | 0,0099                           | 0,0249              |
| Күкіртсутек             | 0,0099                           | 1,2388              | 0,0090                           | 1,1250              |
| Аммиак                  | 0,0075                           | 0,0374              | 0,0061                           | 0,0303              |
| Формальдегид            | 0,0000                           | 0,0000              | 0,0000                           | 0,0000              |

## 2.4 Шұбаршы ауылының эпизодтық бақылауына сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйі

Шұбаршы ауылындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (Нүкте №1 -кенттің ортасында, №2 –кенттің оңтүстік бөлігінде).

Өлшенген заттар РМ-10, азот тотығы, азот қостотығы, күкірт қостотығы, көміртек тотығы, күкіртсутек, аммиак және формалділік мөлшерінің концентрациялары анықталды.

Күкірт сутегінің максималды бір реттік шоғыры 2,9 ШЖШ м.б. №1 нүктеде және 2,2 ШЖШ м.б. №2 бекетте. Басқа ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте 2.4).

2.4-кесте

### Шұбаршы ауылындағы бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

| Анықталушы қоспалар | Жинау нүктесі                    |                     |                                  |                     |
|---------------------|----------------------------------|---------------------|----------------------------------|---------------------|
|                     | №1                               |                     | №2                               |                     |
|                     | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ПДК | q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup> | q <sub>м</sub> /ПДК |

|                       |        |        |        |        |
|-----------------------|--------|--------|--------|--------|
| Өлшенген заттар РМ 10 | 0,0530 | 0,1767 | 0,0490 | 0,1633 |
| Күкір қостотығы       | 0,0000 | 0,0000 | 0,0000 | 0,0000 |
| Көміртек тотығы       | 0,0234 | 0,0047 | 0,0561 | 0,0112 |
| Азот қостотығы        | 0,0226 | 0,1130 | 0,0340 | 0,1700 |
| Азот тотығы           | 0,0078 | 0,0195 | 0,0068 | 0,0171 |
| Күкіртсутек           | 0,0231 | 2,8875 | 0,0174 | 2,1750 |
| Аммиак                | 0,0096 | 0,0481 | 0,0096 | 0,0481 |
| Формалділік мөлшері   | 0,0000 | 0,0000 | 0,0000 | 0,0000 |

## 2.5 Ақтөбе облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Ақтөбе, Аяқкүм, Жағабұлақ, Мұғалжар, Новороссийское, Шалқар) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (2.2-сурет).

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Ақтөбе, Аяқкүм, Жағабұлақ, Мұғалжар, Новороссийское, Шалқар) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (2.2-сурет).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 32,9 %, сульфаттар 25,5 %, хлоридтер 10,5%, кальций иондары 12,65 %, натрий иондары 7,08 %, калий иондары 4,03% болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Аяқкүм МС – 169,8 мг/л, ең азы Шалқар МС – 38,37 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 65,1 мкСм/см-ден (Шалқар МС) 276,4 мкСм/см (Аяқкүм МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл, әлсіз негіз сипатта болып, 5,99 (Жағабұлақ МС) – 7,52 (Аяқкүм МС) аралығында болды.

## 2.6 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 12 су объектісінде: Елек, Қаргалы, Қосестек, Ақтасты, Ойыл, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ембі, Темір, Ор, Ырғыз өзендерінде және Шалқар көлінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

### Елек өзені:

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>3 класса): фенолдар — 0,0023 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 5 - класқа жатады: фенолы – 0,005 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 35 мг/дм<sup>3</sup>, аммоний-ион – 1,387 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің және аммоний-ионның концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (> 3-класс): фенолдар – 0,0023 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 32 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,002 мг/дм<sup>3</sup>, хром(6+) – 0,204 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, фенолдардың, хром(6+) концентрациялары фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы: су сапасы 4-класқа жатады: магний – 36 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,0017 мг/дм<sup>3</sup>, хром(6+) – 0,060 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, фенолдардың, хром(6+) концентрациялары фондық кластан асады.

**Елек өзені** бойынша су температурасы 0 – 14°C, сутегі көрсеткіші 6,96 – 12,84, судағы еріген оттегі 7,69 – 8,11 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,92 – 2,94 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 19,43 см, иісі – 0 балл.

Елек өзені бойынша су сапасы 4-класқа жатады: магний – 30,167 мг/дм<sup>3</sup>, хром (6+) – 0,132 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,0024 мг/дм<sup>3</sup>.

**Қарғалы өзені**, Қарғалы ауылы, ауылдың батыс бөлігінде Бұтақ өзенінің су келуінің оң жақ беткейінен 1 км төмен: су сапасы 3-класқа жатады: магний – 22 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 9,6°C, сутегі көрсеткіші 8,07, судағы еріген оттегі 9,94 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,64 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

-**Қосестек**, Қос-Естек ауылы, ауылдың оңтүстік-батыс бөлігінде шамамен атауы жоқ су сағасының сол жақ беткейінен 1 км жоғары, Таранғұл және Айтпай өзендерінің суы қосылған жерінен 2 км төмен: су сапасы нормаланбайды (> 3-класс): фенолдар – 0,003 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Су температурасы 10,1°C деңгейінде болды, сутегі көрсеткіші 8,17, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,24 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,17 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

**Ақтасты өзені**, Белогорка ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейі, Ақтасты құрайтын Тересбұтақ және Теренсай өзендерінің су қосылған жерінен 9 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>3класс): фенолдар – 0,003 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 10,5°C, сутегі көрсеткіші 8,12, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,95 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,26 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

**Ойыл өзені**, Ойыл ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейінде автожол көпірінен (белдемінен) 92 м жоғары: су сапасы 5-класқа жатады: қалқыма заттар – 24,32 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 10,2°C деңгейінде болды, сутегі көрсеткіші 8,07, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,84 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,11 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

**Үлкен Қобда**, Қобда ауылы, Новоалексеевка ауылының шетінен оңтүстік-шығысқа 1 км, Темірбетонды автожол көпірінен (белдемінен) 400 м төмен: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 36 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 10,2°C, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттегі концентрациясы 10,46 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,73 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

- **Қара Қобда**, Альпасай ауылы, Альпасай ауылынан 360 м. Шығысқа және Сары-Қобда өзенімен су қосылған жерден 18 км: су сапасы 3 - класқа жатады: магний – 26 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 9,1, сутегі көрсеткіші 8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы 10,38 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,03 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

#### **Ембі өзені**

- Жағабұлақ ауылы, Жағабұлақ ауылынан 1,0 км солтүстік-батыста: су сапасы нормаланбайды (> 3-класса): фенолы – 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың концентрациялары фондық кластан асады.

- Саға ауылы, Ауылдан 1,0 км оңтүстік-батыста: су сапасы 3-класқа жатады: магний – 30 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

**Ембі өзені** бойынша су температурасы 9,5 – 10,3°C деңгейінде болды, сутегі көрсеткіші 8,1 - 8,12, судағы еріген оттегі концентрациясы 5,42 – 7,94 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,57 – 1,22 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 20,5 см, иісі – 0 балл.

Ембі өзені бойынша су сапасы нормаланбайды (> 3-класса): фенолдар – 0,003 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Темір өзені**

- Покровское ауылы, Шелісай өзенінің су келуінің сол жақ беткейінен 400 м төмен: су сапасы 5-класқа жатады: қалқыма заттар – 21,39 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Ленинское ауылы, ауылдан 9 км төмен, Күлден-Темір өзенінің су сағасының сол жақ беткейінен 2 км төмен: су сапасы 4-класқа жатады: магний – 57 мг/дм<sup>3</sup>. Магний концентрациялары фондық кластан асады.

**Темір өзені** бойынша су температурасы 8,0-8,3 °C, сутегі көрсеткіші 8,0, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,56 – 8,68 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,99-1,33 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

Темір өзені бойынша су сапасы 4-класқа жатады: магний – 43,5 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,0015 мг/дм<sup>3</sup>.

- **Ор өзені**, Бөгетсай ауылы, ауылдан 0,3 км төмен, Бөгетсай өзенінің құйылысынан 0,2 км төмен: су сапасы 5-класқа жатады: фенолы – 0,005 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 10°C, сутегі көрсеткіші 8,17, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,73 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,60 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

- **Ырғыз өзені**, Шеңбертал ауылы, ауылдан 8 км және темірбетон көпірден 1,2 км: су сапасы 4-класқа жатады: аммоний-ион – 1,74 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 27,64 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний-ионның және қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

